
Список литературы

1. Коган М. Морфология искусств. Историко-теоретическое исследование внутреннего строения мира искусств., Л, 1972. – 440 с.
 2. Востров В.В. Куанова Х. Материальная культура казахского народа на современном этапе. Алма-Ата, 1972. – 236 с.
 3. Джанибеков У. Проблемы традиционного искусства казахов в историко-этнографическом аспекте. Диссертация в форме научного доклада на соиск. учен. степ. канд. ист. наук. – Новосибирск. – 1991.–22 с.
 4. Полевые материалы автора. Российская Федерация, Республика Алтай. Кош-Агачский район. 2010 г.
 5. International Migration 2006. N. Y., 2006.
 6. Чеснов Я.В. О принципах типологии традиционно-бытовой культуры. // Проблемы типологии в этнографии. М.: Наука. 1979. С.189-203.
-

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ МЕН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Мақалада геоақпараттық жүйелерді қолдану арқылы тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау мен мониторинг жүргізудің тиімділігін арттырудың теориялық және практикалық аспектілері Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы мысалында қарастырылады.

Тірек сөздер: геоақпараттық жүйелер, тарихи-мәдени мұра, мониторинг, ескерткіштерді қорғау, карталар, шартты белгілер, геоақпараттық база.

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты использования геоинформационных систем в повышении эффективности охраны и мониторинга объектов историко-культурного наследия на примере Енбекшилдерского района Ақмолинской области.

Ключевые слова: геоинформационные системы, историко-культурное наследие, мониторинг и охрана памятников, карты, условные знаки, геоинформационная база.

Abstract. The article considers the theoretical and empirical issues of using geographic information systems to improve the effectiveness of protection and monitoring of objects of historical and cultural heritage on the example Enbekshilder district of Akmola region.

Keywords: geographic information systems, historical and cultural heritage, monitoring and protection of monuments, maps, symbols, GIS database.

АСЫЛБЕКОВ КАЛИБЕК МУХАМЕТБЕКҰЛЫ	Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ ғылыми қызметкері
ЕСЕНОВ СЫРЫМ ҒАДЫЛБЕКҰЛЫ	аға ғылыми қызметкер
КАСЕНАЛИ АЙБАР ЕРЛАНҰЛЫ	бөлім жетекшісі, PhD

Тарихи мәдени мұра нысандары - айғақтары. Оның отанымыздың бүгінгі мәдениеттің материалдық негізі болып азаматтарын және болашақ ұрпақты рухани табылатын терең тарихымыздың бүгінгі байытып, патриоттық тәрбие берудегі,

мемлекеттің мәдени тұғырын сақтаудағы орны ерекше. Ұлттың, мемлекеттің негізін құраушы элементі ретінде тұлғаның жан-жақты дамуы рухани өмірсіз, тарихсыз, оның материалдық бөлігі - мәдени мұра нысандарынсыз мүмкін емес. Содан болар, қалыптасқан елдер бұл мәселеге өте мұқият қарап, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғауға ерекше көңіл бөледі. Тарихи мәдени мұра нысандарын қорғау және оларға мониторинг жүргізу ісі негізінен әр елде қалыптасқан басқару жүйесі мен сол елдің қаржылық мүмкіндіктеріне қарай жүзеге асырылады. Ескерткіштерді қорғаудың ғаламдық немесе халықаралық, мемлекеттік және өңірлік деңгейлерін бөліп көрсетуге болады.

Бүкіләлемдік мәдени мұраға енген ескерткіштерді халықаралық деңгейде қорғау мен мониторинг жүргізуді 1975 жылы қабылданған дүниежүзіндегі мәдени және табиғи мұраларын қорғау туралы конвенциясына сәйкес ЮНЕСКО ұйымы іске асырады. Конвенцияны Қазақстан 1994 жылы ратификациялады. Конвенцияға сәйкес өз аумағында белгілі бір табиғи және тарихи ескерткіш орналасқан мемлекеттер сол орындарды сақтауға міндеттеме алады [1]. Қазақстан территориясы аумағынан ЮНЕСКО тізіміне енген ескерткіштер: XV ғасырға жататын Қожа Ахмет Яссауи кесенесі (2003 ж.), Тамғалы петроглиф тас кешені (2004 ж.), табиғи нысан ретінде Сарыарқа - Солтүстік Қазақстан даласы мен көлдері (2008 ж), Ұлы Жібек жолының Чанъань – Тянь-Шань дәлізі бойындағы қалалар (2014 ж). Бұдан басқа 13 нысанды Қазақстан үкіметі ЮНЕСКО тізіміне енгізуге үміткер ретінде ұсынып отыр.

2004-2011 жылдар аралығын қамтыған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы барысында жүргізілген масштабты инвентаризация нәтижесінде республикалық (218 объекті) және жергілікті (11 277 объекті) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімі бекітілген болатын [2]. Ол тізім жыл сайын жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен барлау, қазба жұмыстары нәтижесінде үнемі толығып отырады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей республикалық,

жергілікті жердегі ескерткіштерді қорғау мен сақтауға жауапты атқарушы органдар өзінің қарамағындағы ескерткіштерге, қай уақытта, қандай зерттеулер жүргізгендігі жайлы толық ақпарат бере алмай отыр [3, 61 б.]. Ескерткіштерге деген қазіргі қоғамдағы көзқарас пен оларды қорғау тетігінің осалдығын соңғы кезде орын алған Талғар қалашығының тағдырынан айқын көруге болады. ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне 2014 жылы ғана енгізілген осы қалашықтың үстінен құрылыс жұмыстары жүргізілген. Ескерткішті сақтап қалу мәселесі халықаралық дәрежеге дейін көтеріліп, тек іске вице-премьер И.Тасмағамбетовтің араласуынан кейін ғана шешілді [4].

Бұрын және кейінгі уақыттарда табылып, зерттелген ескерткіштер туралы мәліметтер өңірлердің қаржылай және шығармашылық мүмкіндіктеріне қарай облыстық, аудандық мәдени мұра ескерткіштерінің Жинақтары түрінде түрлі форматта жарық көруде. Алайда жарық көреген жинақтағы мәліметтер базасы өте жұтаң, әрі ескі. Көпшілігінің геоақпараттық мәліметтері жоқ, бар болған күнде нақты емес. Қалыптасқан жағдай елімізде мәдени мұра нысандарын есепке алу, мониторинг жүргізу, басқару тетіктерін бір жүйеге келтіру қажеттілігін көрсетеді.

Мақалада біз осы кешенді мәселені шешуде геоақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін теориялық және Ұлттық музей қабырғасында іске асып жатқан жоба мысалында тәжірибелік тұрғыдан көрсетуге тырыстық.

Виртуалды музей, цифрлы Қазақстан, электрондық үкімет сияқты ақпараттық технологияларды енгізуді қолға алып жатқан дәуірде, әрбір адам смартфондармен жарақтанып, интернет еліміздің түп-түбіне жеткен уақытта, бұрынғы әдістермен, құралдармен жұмыс жасау уақыт, қаржы және адами ресурстардың тиімсіз қолданылуына алып келетіндігін белгілі.

Ауқымды мәліметтермен жұмыс жасай отырып, оны көрнекі карта түрінде беруге мүмкіндіктері бар геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) –мәдени мұра нысандарын есепке алуда, басқару және мониторинг жүргізуде

қолдануға болатын заманауи құрал. Қалың оқырманға түсінікті болу үшін геоақпараттық жүйелер мен оның жұмыс жасау қағидалары туралы қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдік. Өткен ғасырдың 60 жылдары Канадада қоршаған ортаны зерттеу мақсатында құрылған жүйе, біртіндеп басқа ақпараттарды өңдеуді автоматтандыру мен визуалдау жүйелерімен өзара кірігу арқылы тиімді компьютерлік картографиялық бағдарламаға айналды. Бәсекелестік пен жаңа технологиялар ГАЖ-ді бүгінгі таңда көптеген компанияларға қолжетімді жасады. Соның арқасында ГАЖ кеңістіктік ақпаратпен жұмыс жасайтын салаларда кеңінен қолданылуда. Жер бетінде әркім таралған тарихи-мәдени мұра нысандарын инвентаризациялау, мониторинг, қорғау шараларын ұйымдастыру және зерттеу саласында да ГАЖ-дің тиімді құрал екендігін шетелдік тәжірибелер дәлелдеп отыр.

Геоақпараттық жүйе - дегеніміз кез келген кеңістіктік немесе географиялық мәліметтерді өңдеу, тіркеу, сақтау, талдау және оны визуализациялауға арналған компьютерлік жүйе [5].

Геоақпараттық жүйелер - бұл географиялық мәліметтерді кіріктіру арқылы кеңістікті-уақытты, мәліметтерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесі. ГАЖ – бұл кеңістіктік-үйлестіруші деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, кіруді, бейнелеуді және таратуды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе [6, 166 бет].


Оны құрайтын негізгі компоненттер:
1) Компьютер; 2) Бағдарлама; (ArcGIS, QGIS, MapInfo Professional және т.б.) 3) Мамандар; 4) Географиялық және түсіндірмелік мәліметтер; 5) Әдістер.

1-сурет. Геоақпараттық жүйе құрылымы.



ГАЖ географиялық ақпаратты тақырыптық қабаттар түрінде моделдейді (Сурет 1). Ол қабаттар алдыңызға қойған зерттеу немесе қолданбалы мақсаттарға байланысты түрлі тақырыпта құра беруге болады.

2-сурет. Түрлі тақырыптық мәліметтердің векторлық қабат ретінде берілуі.




ГАЖ-да картографиялық мәліметтер растрлы және векторлы деп бөлінеді. Растрға сканерленген карталар, суреттер, ғарыштық және аэротүсірілімдер жатады. Ал, векторлыққа сол растрдың негізінде цифрлау арқылы сызық, полигон, нүкте түрінде алынған мәліметтерді жатқызамыз.

Дамыған елдерде оны қолдану барған сайын жетіліп, мемлекеттің басқа да ақпараттық көздерімен кіріктіріліп, өңірлерді дамыту жоспарларында, ғылыми зерттеулерде сәтті қолданып келе жатқанына 15-20 жылдың жүзі болып қалды. ГАЖ-да кеңістіктік ақпаратты өңдеудің түрлі құралдары бар.

Заман ағымынан қалыспай, жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану үшін ҚР Ұлттық музей, «Халық қазынасы» ҒЗИ тарихи-мәдени мұра нысандарына мониторинг және сараптама жүргізу бөлімі «Сарыарқа тарихи мәдени мұра ескерткіштерінің базасын құру және геоақпараттық картографиялау» жобасын әзірлеп, 2015 жылдан іске асырып келеді. Жұмысты атқару барысында Астана қаласында орналасқан «География институты» ЖШС филиалы мен Көкшетау қаласында орналасқан «Ақмола облысы тарихи-мәдени мұра нысандарын пайдалану және қорғау орталығымен» әріптестік жөнінде меморандум жасалды. Жобаның сынама ауданы ретінде Ақмола облысының Еңбекшілдер ауданы алынды. Бұл ауданда басқа аудандармен салыстырғанда, жергілікті маңызы бар ескерткіштердің көбірек болуына байланысты таңдалды (Диаграмма 1).

Ақмола облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің аудандар бойынша саны (Ақмола облысы әкімдігінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № А-5/197 қаулысы)



Тарихи-мәдени нысандарының базасы Microsoft Excel бағдарламасында кесте түрінде арнайы құрылымға сәйкес жасақталды. Геоақпараттық базаның құрылым түзуші бөлігіне ескерткіштердің координаталары жатады.


Заманауи геодезиялық құрылғылар, GPS, GLONASS сияқты Спутниктік навигациялық жүйелердің пайда болуы нысандардың жер бетіндегі нақты географиялық координаталарын анықтауға мүмкіндік ашты. Ол мәліметтерді ГАЗ-ға енгізу арқылы біз ескерткіштің нақты орналасуын картадан анықтай аламыз.

Геоақпараттық базаның негізгі дерек көзі Қазақстан Республикасы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы [7] Ақмола облысы, Көкшетау қаласында орналасқан «тарихи-мәдени мұраны пайдалану және қорғау орталығы» қазба және барлау жұмыстары кезінде жаңадан табылған ескерткіштердің уақытша тізімі, 2013 жылы қабылданған өңірлік ескерткіштердің тізімі болды [8].

Жобаның картографиялық негізі 1:100 000 және 1:200 000 масштабтағы топографиялық карталардан жасақталды. Қағаз түріндегі карталар бағдарламаға сканерлеу арқылы енгізіліп, бүкіләлемдік WGS-84 координаттар жүйесінде тіркелді. Цифрлау арқылы аудан жеріндегі жолдар, әкімшілік шекаралар, өзен-көлдердің векторлық қабаттары алынды (карта 1-2).



1-карта. Аудан шегінде көлемі 1,3 км² асатын көлдердің векторлық қабаты.




2-карта. Еңбекшілдер ауданы жолдарының векторлық картасы.

Тарихи-мәдени нысандар координаттар негізінде электрондық картаға түсірілді. Кесте түрінде жасалған базаның басты артықшылығы мәліметтерді түрлі параметрлермен жіктеу арқылы шексіз көп енгізе беру мүмкіндігі болып табылады.

Тақырыптық карталар жасау үшін карталардың шартты белгілері таңдалып алынды. Ашық қоңыр түс ретінде - қола дәуірінің, қара түс - тас ғасыры, жасыл түс - аралас уақыт, көк түс- ерте темір дәуірі, қызыл түс - орта ғасыр ескерткіштері белгіленді. Осы жерде айта кету керек, Қазақстанда тарихи және археологиялық нысандардың қабылданған біріңғай шартты белгілердің тізімі жоқ. Бұл жағдай әр карта авторының өзінше бір шартты белгілердің жүйесін ойлап табуына алып келеді. Түрлі авторлар өз нұсқасын ұсынуы уақыт пен қосымша қаржылай шығындарға әкеліп жатады. Бұл мәселені шешудің жолдары да – күн тәртібіндегі сұрақтардың бірі.

Базаның ішіндегі мәліметтерді категориялар бойынша топтастыру жұмыстары жүргізілді. Соның негізінде бірнеше синкретті тақырыптық карталар алынды. Келесі кезеңде карта құрастыру, картографиялық дизайнға сәйкес редакциялау жүргізілді (карта 3).

3-карта.



ГАЗ-дың көмегімен түрлі масштабтағы, тақырыптағы карталарды үлкен дәлдікпен және жылдам дайындауға болады. Аудан картасының негізінде осы ауданға қарасты ауылдық округтердің де карталары жасалды. Бұл әр нысанға деген жергілікті билік өкілдерінің нақты жауапкершілігін анықтауға да мол мүмкіндік береді.

Осындай геоақпараттық жүйенің көмегімен Ақмола облысына кіретін барлық нысандары болашақта картографияланатын болады.

Сонымен, ГАЗ-ды тарихи-мәдени мұра саласында қолданудың келесідей артықшылықтарын көруге болады:

- жинақталған ақпаратты компьютерлік-бағдарламаның көмегімен жылдам жіктеу, талдау, картада бейнелеу;
- археологиялық және тарихи ескерткіштердің бірыңғай сандық базасын жасау;
- құрылған жобаны ары қарай толықтыру және жетілдіру;
- жинақталған ақпаратты мәдени-мұра ескерткіштерін қорғаумен тікелей немесе жанама айналысатын мемлекеттік органдардың пайдалануы;
- жер, су кадастры және тағы басқа ақпараттық базалармен өзара кіріктіру арқылы түрлі басқару шешімдерінің сапасын арттыру;
- кешенді мәліметтердің негізінде ескерткіштерді қорғау жұмысының тиімділігін арттыру;
- кешенді мәдени-танымдық, экологиялық туризм маршруттарын жасақтау;
- ескерткіштердің орналасуының территориялық ерекшеліктерін анықтау, зонаға бөлу, ландшафтық құбылыстарды тіркеу;
- барлау жұмыстарын бақылау құралы (координаталары арқылы ГАЗ картадан нысандарды жылдам табу).

Әдебиеттер

1. Конвенция об охране всемирного культурного и природного наследия // whc.unesco.org [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://whc.unesco.org/archive/convention-ru.pdf>
2. Қазақстанның «Мәдени мұрасы» Мемлекеттік бағдарламасы // madenimura.kz [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.madenimura.kz/kk/government-program-madenimura/programs-madenimura/>
3. Қасеналин А., Есенов С. Тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу мен қалпына келтіру // Мәдени мұра. №4 (67) шілде-тамыз. 2016 ж. – 61 бет.
4. Тасмағамбетов И. Провел выездное совещание по вопросу сохранности средневекового городища «Талхиз» // primeminister.kz [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://primeminister.kz/ru/news/kultura_i_sport/itasmagambetov-provel-viezdnoe-soveshchanie-po-voprosu-sohrannosti-srednevekovogo-gorodishcha-talhiz-13577
5. What is GIS – Definition? // grindgis.com [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://grindgis.com/what-is-gis/what-is-gis-definition>
6. Рысбеков Қ. Б., Солтабаева С.Т. Геоақпараттық жүйе негіздері. Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 166 бет.
7. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область. – Алматы: Аруна, 2009. – 568 с.
8. Об утверждении Государственного списка памятников истории и культуры местного значения Постановлением акимата Акмолинской области от 1 июня 2010 года № А-5/197. // adilet.zan.kz [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V10B0003364>

XX ҒАСЫРДАҒЫ ШЕТЕЛДІК САЯСИ ОЙ-ПІКІРЛЕР: НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТҮСІНІКТЕРІ

Аңдатпа. Саясат рөлінің артуы, оның экономикаға, идеологияға, мәдениетке ықпалы XX ғасырға тән құбылыс болып табылады. Сондықтан, саясаттану әлеуметтік білімнің жеке саласы ретінде өткен ғасырда қалыптасты. Саяси ғылымдардың қалыптасуына көптеген жағдайлар ықпал етті. Шындығында, бұл жағдайды индустриалды қоғамның дамуы, қоғамдық өмірді демократияландырудың, қоғамдық құрылымдардағы өзгерістер, халықтың саяси белсенділігінің күшеюімен түсіндіруімізге болады.

Мақалада XX ғасырдағы шетелдік саяси ой-пікірлер қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – заманауи саясаттанудың негіздері, оның бағыттары мен үрдістерін айқындау, саяси ғылымдардағы зерттеулерді құрайтын көптеген қызықты, дәлелді, шынайы нәтижелердің теориялық және әдістемелік негіздерінің әзірлемелерін қалыптастырған XX ғасырдың танымал мамандарының теорияларымен танысу.

Зерттеу нысаны - XX ғасырдағы шетелдік саяси ой-пікірлер болып табылады. Зерттеу пәніне XX ғасырдағы саяси ғылымдардың дамуы және негізгі бағыттары жатады.

Тірек сөздер: саяси ой-пікірлер, заманауи саяси ғылымдардың қалыптасу кезеңдері, негізгі саяси теориялар, негізгі саяси тұжырымдамалар, XX ғасырдағы саяси ой-пікірлердің өкілдері.

Аннотация. Возрастание роли политики, ее влияние на экономику, идеологию, культуру - характерное явление XX века. Поэтому политология как самостоятельная область социального знания сложилась в XX веке. Формирование политической науки определялось рядом факторов. Объективно это объясняется развитием индустриального общества, демократизацией общественной жизни, осложнения общественных структур, усилением политической активности народа.

В статье рассматривается зарубежная политическая мысль XX века. Цель исследования -